



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 12 сәуірдегі
№ ДС-71

Құрметті депутаттар!

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту шараларына қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Астық нарығы туралы.

Үкімет Алашанькоу арқылы астық пен ұнды тасымалдау кезінде туындайтын барлық кедергілерді жою үшін ҚХР-мен келіссөздер жүргізсін.

Бүгінгі таңда Қытай тарапымен келіссөздер шеңберінде қазақстандық бидайды тәулік сайын қаптарға салынған жабық вагондарда астық таситын вагондардың бір құрамынан және бидайдың бір құрамынан қабылдау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Мәселен, «Азық – түлік корпорациясы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Азық-түлік корпорациясы) Қытайдың COFCO мемлекеттік корпорациясымен 25 000 тонна көлемінде бидай жөнелтуге және ALASHANKOU JINSHANE жеке компаниясымен 50 000 тонна көлемінде бидай жөнелтуге тиісті келісімшарттар жасасты.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың соңына дейін 20-дан 50 мың тоннаға дейінгі көлемде бидай мен арпаны жөнелтуге арналған қытайлық жеке компаниялармен қосымша келісімшарттар пысықталуда.

Таяу Шығыстағы астық пен ұн нарығын кеңейту.

2023 жылы Азық-түлік корпорациясы астықты Орталық Азия мен Закавказье елдеріне 80 мың тонна, Иранға 50 мың тонна жөнелтуді жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта аталған бағыттарда әлеуетті серіктестерді іріктеу жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік қорға кемінде 1 млн тонна көлемінде астық сатып алуды жүргізу.

1 млн тонна астықты интервенциялық сатып алуды жүргізу үшін республикалық бюджеттен шамамен 100 млрд теңге бөлу қажет болады, бұл ел бюджеті үшін елеулі жүктеме болады.

Сонымен қатар, астықты форвардтық сатып алуды қаржыландыру көлемін ұлғайту мақсатында Азық-түлік корпорациясының жарғылық капиталын толықтыруға республикалық бюджеттен 70 млрд теңге көлемінде қаражат тарту мәселесі пысықталуда.

Келесі егіс науқанын үздіксіз жүргізу үшін фермерлердің қарызын қайта құрылымдау құралдарын қарастыру.

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіптік кешен саласындағы барлық бағдарламалар бойынша жалпы сомаға 14 АШТӨ *(негізгі борыш бойынша)* 1 597 млн теңгеге өз міндеттемелерін орындамады. Олармен 2023 жылдың наурыз айынан мамыр айына дейін үш бөліктен тұратын қарызды өтеу кестесімен келісімдер жасалды.

Жүйелік шаралар.

«Астық туралы» Заң жаңа редакцияда қабылдау.

Ауыл шаруашылығы министрлігі тәуелсіз сарапшылармен, бизнес, салалық қауымдастықтар мен одақтардың өкілдерімен бірқатар жұмыс отырыстарын өткізді, олардың қорытындысы бойынша астық қабылдау кәсіпорындарының астықты кезек тәртібімен қабылдауын, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларды кемсітуге әкелетін нормаларды алып тастауды көздейтін «Астық туралы» Заңға тиісті түзетулер әзірленді.

Қолданыстағы заңнамаға осы түзетулерді енгізу Үкіметтің заң шығару қызметі шеңберінде пысықталып жатқанын ескере отырып, «Астық туралы» заңды жаңа редакцияда әзірлеу тиімсіз деп санаймыз.

Трансферттік бағалар қағидаларын бекіту.

Қазіргі уақытта әлемдегі ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, АШТӨ-мен, «Қазақстанның астық одағы» ЗТБ-мен бірлесіп, тиісті қағидаларды әзірлеуді талқылау жүргізілуде, оның қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданатын болады.

Осыған байланысты, астыққа трансферттік бағалардың жаңа ережелерін бекіту тым ерте деп есептейміз.

Сүт нарығы туралы.

Импортталатын сүт өнімдерінің әкелу бағасына толық талдау жүргізу.

2022 жылы АӨК өнімінің импорты 5,8 млрд АҚШ долл *(2021 ж. – 4,6 млрд \$)*, импорт құрылымында 70% өңделген өнімге *(4,1 млрд \$)*, 26% - өсімдік шаруашылығы өніміне *(1,5 млрд \$)* келеді, 4% - мал шаруашылығы өніміне *(0,3 млрд \$)*.

Жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне баға мониторингінің қорытындысы бойынша республика бойынша өңделген сүттің орташа бағасы 365 теңгені, сары май – 3628 теңгені, ірімшік – 2009 теңгені, ашытылған сүт өнімдері – 397 теңгені құрады.

Сүт өңдеу кәсіпорындары үшін шикі сүтті сатып алу бағасы килограммына 240 – 260 теңгені құрайды.

Қазақстанға импортталатын сүт өнімдері келесідей: өңделген сүт – 516 теңге, айран – 179 теңге, сүзбе – 2 907, қаймақ – 1733 теңге, қатты және

жұмсақ ірімшіктер – килограммына 6845. Импортталған ресейлік өнімнің төмен құны бірнеше факторларға, соның ішінде сүттің профицитіне байланысты.

Жосықсыз өндірушілерді және құрғақ сүтті сақтау мерзімдерін бақылау үшін күшейтілген зертханалық бақылауды енгізу.

Бүгінгі таңда саудадағы кедергілерді алып тастау, сондай-ақ қауіпсіз өнімді әкелу және айналысқа шығару мәселелері бойынша ситуациялық штаб құрылды, оған жедел түрде әкелінетін сүт өнімдерінің сапасына күшейтілген бақылау жүзеге асырылады.

Контрабанданың әкелінуіне жол бермеу үшін шекаралық бақылауды күшейту.

Үкіметтің 2019 жылғы 29 наурыздағы «Қазақстан Республикасының шекаралас аумағында Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес 32 ветеринариялық бақылау бекеті (бұдан әрі – БКП) ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» бұйрығы шеңберінде БКП-да құжаттамалық, физикалық және зертханалық бақылау жүргізіледі.

Отандық өнім өндірушілер үшін «Қазақстанда жасалған» белгісін кеңінен қолдана отырып, жергілікті тауарға сауда желілеріндегі неғұрлым тиімді орындар мен сөрелерді басымдықпен ұсыну.

2023-2024 жылдарға арналған «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық жобасын іске қосу жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – жол картасы) шеңберінде «Қазақстан жасалған» таңбалау белгісін қолдану, оның ішінде сауда желілеріндегі неғұрлым тиімді орындар мен сөрелерді отандық тауар өндірушілер үшін жергілікті тауарға ұсыну жөніндегі мәселені пысықтау жүзеге асырылуда.

Темір жол көлігі арқылы құрғақ сүтті әкелуге тыйым салуға қатысты.

2023 жылғы 11 мамырда Премьер-Министрдің орынбасары С.М. Жұманғариннің төрағалығымен «Қазақстанның сүт одағы» ЗТБ және сүт өңдеу және сүт өнімдерін шығару жөніндегі компаниялар мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен кеңес өткізілді, оның қорытындысы бойынша құрғақ сүтті әкелуге тыйым салуды енгізудің орынсыздығы туралы ұстаным әзірленді.

Ә. Смайылов